

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»**  
**Талапкер 2024 ж.**

✓ **БАКАЛАВРИАТ**

<b>Кафедра атауы</b>	<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	<b>Топ</b>	<b>Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау</b>	<b>Даярлық топ</b>	<b>Шектік балл</b>
«Музыкалық драма және қуыршақ театр өнері»	6B02173 - «Музыкалық театр артисі»	Қазақ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

• **6B02173 «МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

«Музыкалық театр артисі» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына түскісі келетін талапкерлердің орта немесе арнайы орта (**актерлық өнер, жеке ән салу, хор дирекжерлеу мамандықтары бойынша кәсіби колледж**) білімі болуы міндетті. Талапкерлер өзінің өнерге деген дарыны мен қабілетін, табиғи шығармашылық әлеуетін, музыкалық қарым-қабілетін, өлшем-ырғақты қабылдау мүмкіндігін, бейнелі ойлау, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын, дене сымбаттылығын көрсете білуі шарт.

Талапкердің сахналық кескін-келбеті болуы керек. Денсаулығы қуатты физикалық жағынан және ән салу, сөз сөйлеу мәнері тұрғысынан кемшіліктер болмауы тиіс. Дикциясы анық, дыбыстарды таза айта алатын, тістерінің дұрыс орналасуы, әншілік диапазоны кең, дауыс бояуы құлаққа жағымды және қуатты, дене қимыл әрекеттері өте икемді, қиялдау ой жүйесі ширақ, музыкалық қарым-қабілеті жеткілікті, дауысының көлемі бір-бір жарым октавадан кем болмауы керек.

**Талапкердің жас шамасы:**

Қыздар – 17 мен 21 жас аралығында

Ұлдар – 17 мен 23 жас аралығында

**Талапкердің бойының биіктігі:**

Қыздар 165 см.-ден жоғары

Ұлдар 175 см.-ден жоғары

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР 2 КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ:****АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ**

Талапкер әр түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды және үзінділерді тек мемлекеттік тілде жатқа оқуы керек

- **Проза** - (*Қазақстан жазушылары мен орыс, батыс еуропа жазушыларының қазақ тіліне аударылған роман, повестьтерінен үзінді, қара сөз оқу*)
- **Өлең** - (*Қазақ ақындары мен орыс, батыс еуропа ақындарының қазақ тіліне аударылған өлеңдерін оқу*)
- **Мысал** - (*А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, И.Крылов және т,б орыс, батыс еуропа акындардың қазақ тіліне аударылған мысал өлеңдерін оқу*)
- **Би** - (*әлем халықтарының билері, вальс, факстрот, спорттық т,б. би түрлерінен*) биге бейімділігі тексеріледі.
- **Жеке ән** - (*халық әндері мен Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Майра, Нартай, Мұхит т,б халық композиторлары және қазақстан композиторларының әндерін орындау*) сонымен қоса ариялар мен романстар, мюзиклдардан әндер орындау.
- **Актерлік этюд** - (*құстар мен жан-жануарлар әлемі, жансыз заттарды тірілтіу, адам өмірінен үзінді*) шынайы сенімді орындау. Талапкерге қимыл координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (*реакция*), зейін мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты этюд құрастырып, сезім мен сенімін паш етіп көрсетеді. Аяқ астынан ойлап табу қабілеті мен ой жүйріктігі тексеріледі.

**1-қадам**

Талапкер құжаттарды тапсыру үшін алдымен рұқсатнама (допуск) алуы керек. Ол үшін:

**А)** Сауалнама парақшасын (анкета) техникалық хатшы ұсынады

Сауалнама парақшасын толтыру үлгісі:

- Сауалнама парақшасы А4 форматта толтырылады;
- Талапкердің толық аты-жөні, туған жылы, айы, күні, тұрғылықты қаласы, мекен-жайы, телефоны жазылу керек;
- Жасы, бойы, салмағы;
- Орындайтын шығармалардың атауы, авторы;
- 3x4 көлеміндегі 1 дана фотоны сауалнаманың үстіңгі бұрышының сол жағына жабыстыру;
- ҰБТ қортындысын көрсетіп жазу, (Қазақстан тарихы және Оқу сауаттылығы):

**Ә)** Ән, проза, поэзия, мысал, би және акробатикалық элементтер бойынша әрқайсысы 2 минуттан аспайтын өнерін көрсету керек.

**Б)** Талапкер құжат тапсыруға рұқсатнама алғаннан кейін қабылдау комиссиясына қажетті құжаттарды тапсырады:

Өтініш (үлгі бойынша);

Білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;

№ 086-У, № 063 үлгісіндегі медициналық анықтама;

Флюорография қортындысы;

Нарколог және психотерапевттен анықтама;

6 фотосурет (3x4);

Жеке куәлік (көшірме), ЖСН;

2024 жылғы БҰТ және КТ сертификаты;

Әскерге шақыртылу тіркеу куәлік (әскерге қатарына жасы жеткен азаматтар үшін);

Тезтікпе (скоросшиватель), 6 файл, конверт;

Соңғы 3 жылдағы жетістіктері туралы дипломдар, сертификаттар (болған жағдайда)

## **2-қадам**

Емтихан тапсырушыға 12 минут уақыт беріледі. Сол уақыт ішінде мүмкіндікті толық пайдаланып, өзін жан-жақты көрсете білуі керек. (Ән, проза, өлең, мысал, би. *Қосымша: акробатикалық элементтер, аспапта ойнау, этюд. Комиссия талап еткен жағдайда қосымша талаптарды орындау.*)

## **3-қадам**

Шығармашылық емтиханнан өткен талапкер екінші емтиханға жіберіледі.

## **4-қадам**

**Коллоквиум** - (шығармашылық емтиханның екінші бөлімі сұрақ - жауапқа құрылған) 8 минут уақыт беріледі.

Қабылдау комиссиясы дайындаған 1-30 аралығындағы билет санын таңдайды. 1билетте 3-сұрақтан болады. Комиссия билеттегі сұрақтарды оқып береді. Емтихан тапсырушы ойын жинақтап, жүйелі түрде бірден жауап беруі керек. Қабылдау комиссиясының шешімімен қосымша сұрақтар болуы мүмкін.

## КОЛЛОКВИУМ

Талапкерге Қазақстан және әлем театр өнері мен әдебиеті, өнер тарихы бойынша білім деңгейін тексеру мақсатында жан-жақты сұрақтар беріледі. Талапкер өнердің әр түрлі жанрлары мен түрлеріне қатысты сұрақтарға толыққанды, ойын жүйелі түрде жеткізіп жауап беруі тиіс. Сондай ақ талапкердің саяси әлеуметтік ой өрісі, интеллектуалдық деңгейі, дүниетанымы мен эстетикалық талғамы тексеріледі.

## ЕСКЕРТПЕ:

1. Емтихан тапсырушы емтихан тапсыру барысында байланыс құралдарын (мобилді телефон, видео камералар, смартфон сағаттар) пайдалануға болмайды.
2. Емтихан тапсырушы емтихан тапсыру барысында концертмейстер немесе көмекші құралдар (музыка жазылған флешкалар, музыкалық аспаптар т.б ) пайдалануға болады
3. Би және акробатикалық элементтерді т,б қимыл-қозғалысқа құрылған тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік ережесін мұқият сақтау қажет:

## Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> <i>шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> <i>шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
45-50	Талапкер емтихан талаптарына сай сенімді, шынайы өте жоғары деңгейде дайын болса	45-50	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға өте жоғары деңгейде толықтай жауап бере алса
40-44	Талапкер емтихан талаптарын актерлық этюдтарды сенімді, шынайы деңгейде орындаса. Мысал өлеңдердегі кейіпкерлердің мінез құлықтарына назар аудармаса	40-44	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алса, өзінің интеллектуалдық деңгейін дүниетанымы мен эстетикалық талғамы көрсете білсе

35-39	Талапкер оқыған шығармасындағы автор ойын толық жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, орындалған әндер мен ариялар кең тынысты қуатты үнмен орындалса	35-39	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 80% толықтай жауап бере алса, сондай ақ қосымша қойылған сұрақтарға кең көлемде жауап берсе
30-34	Талапкер оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, орындаған актерлік этюдтары сенімді әрі шынайы болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, әндер мен ариялар орындау барысында қобалжулар болса	30-34	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтарға қанағаттанарлық деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
25-29	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, оқыған шығармасының көркемдік ой жүйесін жеткізе алмаса, шығарманы оқу барысында жаңылулар болса, орындаған актерлік этюдтарында қобалжулар болса, би қыймыл әрекеттері музыка ырғағына бағынатын болса, ән, ария романстарды орындағанда дауыс үні әлсіз болса	25-29	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтардың 60% -на орташа деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса
20-24	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, тілінде әріптерге деген мүкістігі болса, оқыған шығармасындағы автор ойын толық жеткізе алмаса, актерлық этюдтары сенімсіз орындалса, ән немесе ариялардың орындалуы партитураға сай болмаса, би қозғалыс әрекеттері ритмға бағынбаса	20-24	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға 50% -на жауап бере алмаса, және қосымша қойылған сұрақтарға жүйелі кең көлемде жауап бере алса
15-19	Талапкердің бой ұзындығы талапқа сай болмаса, тілінде әріптерге деген мүкістігі болса орындаған актерлік этюдтары шынайы болмаса, оқыған шығармаларын ұмытып немесе сенімсіз оқыса, дауыс күші әлсіз болса, ән ,ария,романстар орындағанда сенімсіз әрі нота дыбыстарын таза орындамаса	15-19	Талапкер емтиханға толық дайындықпен келмесе, билетіндегі көрсетілген сұрақтарға ойы жүйесіз шашыраңқы, жауап берсе, қосымша қойылған сұрақтарға да толық жауап бере алмаса
10-14	Талапкер оқыған шығармаларына, жасаған этюдтарына сенбесе немесе ұмытып қалса, ән, ария, романстар орындағанда сөздерінен жаңылып немесе нота дыбысына таза түспесе, би қыймыл қозғалыс ритміне бағынбаса	10-14	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға күмәнді, нақтылай жауап бере алмаса, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі төмен болса

5-9	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы болмаса	5-9	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға толық жауап бере алмаса, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі дүниетанымы төмен болса
0-4	Емтиханнан өтпейді	0-4	Емтиханнан өтпейді

**Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: [jakan-t@mail.ru](mailto:jakan-t@mail.ru)**

**Оқуға түсудің жалпы мәселелері: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)**